

Article Arrival Date

10.10.2022

Article Type

Research Article

Article Published Date

20.12.2022

Doi Number: 10.5281/zenodo.7443544

**ҚОЛА ДӘУІРІНДЕГІ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН**  
(Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейі қорының қола дәуірі  
коллекциялары негізінде)

EAST KAZAKHSTAN IN THE BRONZE AGE  
(Based on the collections of the Bronze Age of the Fund of the State Central Museum of the  
Republic of Kazakhstan)

**Hamit AITKUL** \*  
**Dosim ZIKIRIYA** \*\*

### Түйіндеме

Мақалада Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейі әрі қарай – ҚР MOM археологиялық қорындағы Шығыс Қазақстанның қола дәуірінің коллекциясы 1940 ж. бастап 1947-1949 жж. жүргізілген Шығыс Қазақстан археологиялық экспедицияның, 1955 ж. (С.С. Черников), 1980-1983 жж. Қаз КСР ҒА Шөлбі археологиялық экспедициясы (А.Г. Максимова., С.М. Ахинжанов), 1985 ж. Қазақ ұлттық университетінің (ҚазҰУ) археологиялық экспедициясы (А.М. Оразбаев) және кездейсоқ табылған материалдарынан қалыптасқаны жөнінде және аталмыш материалдарға ғылыми талдау жасалады. Сондай-ақ, Шығыс Қазақстандық коллекцияларды жинақтауға Қаз КСР ҒА жанындағы Тарих, археология және этнография Институты және Материалдық мәдениет және Тарих институтының қатысуымен Шығыс Қазақстан археологиялық экспедициясының құрамындағы Қазақстан Орталық музейінің археологиялық экспедициясы да қатысқаны әңгіме болады.

**Түйінді сөз:** Шығыс Қазақстан, археология, қор, қола дәуірі, коллекция, артефакт.

### Abstract

State Central Museum of the Republic of Kazakhstan further (SCM RK) – the collection of the Bronze Age of East Kazakhstan in the archaeological fund of the Ministry of foreign affairs of the Republic of Kazakhstan from 1940 to 1947-1949. the East Kazakhstan archaeological expedition, conducted in 1955 (S. S. Chernikov), 1980-1983. The desert of the Kazakh SSR began to form from the archaeological expedition (A. G. Maksimova, S. M. Akhinzhanov), the archaeological expedition of the Kazakh National University (kaznu) in 1985 (a.m. Orazbayev) and random finds. Also, the archaeological expedition of the Central Museum of Kazakhstan as part of the East Kazakhstan archaeological expedition with the participation of the Institute of history, archeology and ethnography at the Kaz SSR Academy of Sciences and the Institute of material culture and history took part in the collection of East Kazakhstan collections.

**Keywords:** East Kazakhstan, archeology, Foundation, Bronze Age, collection, artifact.

ҚР MOM археологиялық қорында 1955-56 жж. экспедиция материалдарынан Нарын қонысының артефактілері сақталған; келсап [1], тікбұрыш пішімді дәнүккіш, шеті жұмырланған тікбұрыш пішімді қайрақ тас, кішкене түйгіш, жебені созып (тегістеп)

\* Қазақстан Алматы қ, «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы РМҚК аға ғылыми қызметкер, [khamit.boray@mail.ru](mailto:khamit.boray@mail.ru), Kh.A. Aitkyl <https://orcid.org/0000-0002-2568-9129>

\*\* Қазақстан Есік қ, «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы РМҚК директордың орынбасары, [kyrbalasy@mail.ru](mailto:kyrbalasy@mail.ru), D.K. Zikiriya <https://orcid.org/0000-0002-6981-4702>


тұруға арналған тасты түзеткіш, бірнеше үшбұрыш және меандр өрнектері тісті қалыппен нақышталған қыш ыдыс [2, 75 б.].

1980-1983 жж. Қаз КСР ҒА Шөлбі археологиялық экспедициясының материалдары Темір қанқа (қоршаулар 2, 67, 30, 87, 80) және Измайловка (7-ші оба, қоршау 17) қорымдарынан табылған артефактілерінен тұрады [3, 42-89 бб.]. Сондай-ақ, коллекцияны 1985 ж. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің (ҚазҰУ) археологиялық экспедициясы (Ә.М. Оразбаев жетекшілік еткен) Шығыс Қазақстанның Тавр ауданында орналасқан Қойтас қорымында жүргізген қазба жұмыстарының материалдары толықтырады. Қойтас қорымының қыш ыдыстары үшбұрыштармен, ирелендеген сызықтармен және күрделі геометриялық пішіндермен өрнектелген, кейбір ыдыстардың иықтарында каннелюралар, ал кеуде тұстары көлденең иректелген тісті қалыппен нақышталған. Шығыс Қазақстаннан табылған қыш ыдыстардың ерекшеліктерін зерттеу барысында С.С. Черников мынадай сипаттама берген, «шырша» элементі тегіс және тісті қалыппен түсірілген бедерлемелер, әртүрлі дөңгелек пісте және басқа батыңқы қысылған шыбық тәріздес, пішімдер көп кездесетінін айтады [4, 13-15 бб.].

Сонымен қатар, Шығыс Қазақстанның қола дәуірі коллекциясын 1940 жылы Алтайдың Қадырбай-Шу және Наримоловск кен орындарынан кездейсоқ табылған қашау, қайла, 2001 жылы З.С. Самашевтің Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданы Қарауылтөбе маңайынан табылған екі қыш ыдысы, Тарбағатай ауданы Үржар ауылынан табылған екі жүзді қола пышақ, жүзі лавржапырақты пішіндес, сабына төрт сопақша саңылау тесік түсірілген, [5] және табылған орны белгісіз екі жүзді, тегіс сапты, жапырақ пішінді қола қанжарлар толықтырады [6, 82 б.]. Күршім өзенінің бойында орналасқан Чердак кен орнынан кездейсоқ табылған, «Күршім көмбесі» атанған «Алтай алтыны» геологтарының олжасы ерекше қызығушылық танытады. Бұл көмбеге қоладан жасалған әшекейлер мен еңбек құралдары кіреді [7].

ҚР МОН археология қорындағы Шығыс Қазақстан қола дәуірі коллекциясы С.С. Черников, А.Г. Максимова, Ә.М. Оразбаев және А.С. Ермолаевалар сынды ғалымдар жетекшілік еткен 1947-1985 жж. Шығыс Қазақстанмен Шөлбі археологиялық экспедицияларының материалдарымен жинақталған. Аталмыш экспедициялар Мало-Красноярка, Сарыкөл, Усть-Нарын, Измайловка, Қойтас, Ақсуат, Темір қанқа т.б. қоныс қорымдарында қазба жұмыстарын жүргізді (1 а, б – сурет). Шығыс Қазақстан қола дәуірі артефактілері қолданыс аясына қарай қыш ыдыстар, еңбек құралдары және әшекейлер

топтарына жіктедік. Қазіргі кезекте қарастырылатын мәселе – ол, қыш ыдыстар мен еңбек құралдары коллекциясы.



б)  
Сурет 1 – Қыш ыдыс фрагменттері. Шығыс Қазақстан археологиялық экспедициясының (жет. С.С. Черников) 1947-1949 жж. Материалдары

Ә.М. Оразбаев Шығыс Қазақстан қола дәуірінің ескерткіштерін зерттеуге зор үлес қосты. 1947 жылдан бастап студент кезінің өзінде ақ, ол Материалдық мәдениет институтының Ленинградтық бөлімшесі мен ҚазКСР Ғылым академиясының Шығыс Қазақстан археологиялық экспедициясының қазба жұмысына қатысты [1, 37-58 бб.]. Археологиялық қазба жұмыстары Ертіс бойындағы Мешіт қонысы мен Мало-Красноярка ауылы маңында жүргізіліп көптеген қыш, қола жебе, үзбе және мыс кені табылды (2 а, б – сурет), [2, 40-52 бб.]. С.С. Черников бұл қоныстарды андронов мәдениетінің ерте кезеңінен – б.з.д. VIII-VI ғғ. жатқызады. Сол жылы Семейге таяу қоныста жүргізілген қазба жұмысы кезінде екі қола біз, екі қола тілік, дән үккіш фрагменті, мыс кесегі, отбақыр, қыш фрагменттері т.б. заттар табылды. Сарыкөл көлінен 12 км қашықтықта орналасқан Абай ауданында Қазақстан Орталық музейінің ғылыми қызметкері Л.К. Нифонтова қола дәуірінің үш обасына қазба жұмыстарын жүргізеді, нәтижесінде өрнек түсірілген қыш ыдыстың екі фрагменті табылды [3, 143-147 бб.]. 1948-1949 жж. Шығыс Қазақстан археологиялық экспедициясы Сарыкөл көлінің жанындағы Абай ауданына қазба және барлау жұмыстары жүргізілді. Қола дәуіріндегі Жарма ауданы Жаңажұрт қорымының үш дуалына қазба жұмыстары жүргізілді, сондай-ақ экспедиция қола дәуірінің екі обасын қазып, Сарыкөл көлінің маңындағы Сарыкөл I

қорымының зерттеулерімен айналысты. Сарыкөл II қорымындағы 14 нысанның тек біреуі ғана қазылды [4, 7-35 бб.]. Қазба жұмыстарын жүргізу барысында қола дәуірінің коллекцияларын Шығыс Қазақстаннан табылған ескерткіштердің артефакттерінен басқа, кездейсоқ табылған артефакттер толықтырады: 1940 ж. Алтайдағы Қадырбай-Чуд кен орнында табылған іші қуыс конус пішімді қашау; 1940 ж. Алтай кен орны Наримоловтан табылған төрт қырлы қайла (ЦМК КП 6218), ал қорда 1955-56 жж. экспедиция материалдарынан Нарын сағасы қонысының артефакттері сақталған; тасты түйгіш (ЦМК КП 14278), [5, 142-143 бб.]; тікбұрыш пішімді дәнүккіш (ЦМК КП 14279); шеті жұмырланған тікбұрыш пішімді қайрақ тас (ЦМК КП 14280); кішкене түйгіш (ЦМК КП 14281); жебені созып тұруға арналған тасты түзеткіш (ЦМК КП 14281); үшбұрышты өрнектерден тұратын қыш түтікше және тісті қалыппен орындалған ирелең сызығы бар (ЦМК КП 16009), [6, 75 б.].



Сурет 2 – Қыш ыдыстар. а) ЦМК КП 6124, б) ЦМК КП 19636.

С.С. Черниковтың қола дәуірі тайпаларының металлургия өндірісі жайлы «Древняя металлургия и горное дело Западного Алтая» еңбегі біз қарастырып отырған мәселемен тікелей байланысты, зерттеуде андрон мәдениеті кезеңіндегі металлдың химиялық құрамына мән берілген. «К вопросу о составе древних бронз Казахстана» еңбегінде С.С. Черников жез балқытпасын пайдаланудың басты тәсілдерін сипаттай келіп, археологиялық деректің айрықша түрі болып саналатын ежелгі қоланы талдаудың маңыздылығына көңіл аударады [2, 7, 8]. ҚР МОМ археология қорындағы Шығыс Қазақстан қола дәуірі коллекциясын ғылыми атрибуциялау барысында А.Г.

Максимованың «Эпоха бронзы Восточного Казахстана» атты еңбегінің маңыздылығын ескере отырып кеңінен пайдаландық. Автор, бұл еңбекте Шығыс Қазақстанның кейінгі қола дәуірі ескерткіштер кешенін жіктеп, қыш бұйымдарды сипаттай келе, бұл кезеңдегі қыштың андрон мәдениетінің ерте кезеңіндегі қыштан айырмашылығын көрсетеді [9]. А.Г. Максимованың пікірінше, қола дәуірінің кейінгі кезеңінің ескерткіштері б.з.д. X-VIII ғғ. [7, 138 б.] мерзімделеді.

С.С. Черников ескерткіштердің материалдарын талдай келіп Шығыс Қазақстанның қола дәуірін төрт кезеңге бөледі. С.С. Черниковтың классификациясы бойынша қола дәуірінің Мало-Красноярка үшінші кешені б.з.д. XII-IX ғасырларды қамтиды. Бұл кезеңде геометриялық нақыштармен, өрнектермен, білеулермен әсемделген қыш ыдыстар қолданыста болды, әсіресе «білеуленген» ыдыс б.з.д. XII-IX ғғ. тән [2, 101 б.]. Төртінші, трушников кезеңі «замараев» және «дәндібай» кезеңдеріне, Енисей мен Обь өңірінің «қарасұқ» уақытына тән [2, 102-103 бб.]. С.С. Черниковтың бұл тұжырымымен толық келісуге болмайды. Үшінші кезеңге ғалым бір-бірінен айырмашылығы бар – екі андрондық, федоров және сарғара-алексеев мәдениеттерін біріктірді. С.С. Черниковтың заттық деректердің кейбір категорияларының мерзімі және орналасуы жайлы пікірін ғалымдар толық қолдайды деуге болмайды [10, 61-62 бб.]. Алайда, С.С. Черниковтың жоғарыда аталған еңбектері қола дәуірінің ескерткіштерін зерттеуде аса маңызды, Орал сыртындағы қола дәуірі ескерткіштері негізінде құрылған кезеңдестіру кестесін андрон мәдениетінің шығыс аудандарына сәйкестендірудің күмәнділігін аңғартты. Ол ескерткіштердің белгілі бір типтерінің бір-бірінен алшақ аумақтарға да тән екендігі жайлы пікір білдіреді.

Шығыс Қазақстан облысы тарихи-өлкетану (Өскемен), және Семей қаласындағы облыстық тарихи-өлкетану музейлердің қор коллекциясын қарастырып ҚР MOM археология қорындағы зерттеліп отырған қола дәуірі коллекциясының мәселелеріне қатысты материалдармен салғастыра-салыстыра отырып көптеген ортақ белгілері анықталды. Мысалы, ҚР MOM қорындағы ұңғылы шот (3 – сурет) Қадырбай-Чуд кен орнынан табылған (далалық шифр: ВКАЭ-50. М.Кр.-139 және ВКАЭ-50.625.9) еңбек құралдары бір-біріне ұқсас және жақын деуге болады. С.С. Черников Мало-Красноярка қонысынан табылған шотты Степняк ауылына жақын жердегі қоныстан табылған осындай құралмен салыстыра келіп, ұңғы шегіндегі білеуді, т.б. ерекшелігін ескеріп құралды қола дәуірінің соңғы кезеңіне жатқызады.



мәдениетіне, батыс өңірлерге тән деп тұжырымдайды [2].

Сурет 3 – Ұңғылы шот. ЦМК КП 6217

Шығыс Қазақстан қола дәуірі коллекциясын зерттеу барысында қоладан жасалған еңбек құралдары: қашау, шалғы, біз, үйкеуіш, қалып; жебе ұшы, найза; тас дәнүккіштер, қайрақтас, қыш ыдыстар, ыдыс фрагменттерінің ғылыми сипаттамасы жазылды. Бұл заттар андрон мәдениеті қоныстарынан жиі, әрі көптеп ұшырасады. Жалпы қыш ыдыстар: 1 – геометриялық нақышты, өрнекті, 2 – білеулі, 3 – өрнекіз болып жіктеледі [2]. Ғылыми сипаттамасы жазылған коллекция материалдарымен ортақ белгілері бар заттық деректер С.С. Черниковтың «Восточный Казахстан в эпоху бронзы» еңбегінде қарастырылған.

Қазақ Мемлекеттік университетінің (қазіргі әл-Фараби ат. Қазақ Ұлттық университеті) археологиялық экспедициясы 1985-1988 жж. Ә.М. Оразбаевтың жетекшілігімен Шығыс Қазақстанның Қатон-Қарағай, Күршім және Марқакөл аудандарында 43 қорымды зерттеп, мұндағы 825 оба, қоршауды тіркеп, 44 нысанды қазды, Таврия ауданында қола дәуіріне жататын 16 қоршау қазылды [4, 7-35 б.]. ҚР МОМ археология қорына Әбдіманап Медеуұлы Шығыс Қазақстан археологиялық экспедициясының 1985 ж. Қойтас ауылының солтүстік шалғайындағы Қойтас қорымынан табылған артефактілер – қыш ыдыстың оншақты үлгісін тапсырады.

Алғашқы болып қорымда 1910 ж. В.И. Каменский қола дәуірінің 10 қоршауына қазба жұмыстарын жүргізеді. В.И. Каменскийдің материалдары М.П. Грязновтың 1930 ж. «Древние культуры Алтая» атты еңбегінде жарияланған. 1977 ж. А.Г. Максимова жетекшілік еткен Шөлбі археологиялық экспедициясының екі қоршауда жүргізілген қазба жұмыстары (№ 35, 65), [9] барысында табылған қыш ыдыстармен бірдей дерлік XIV-XII ғғ. ыдыстары ҚР МОМ қорында (4 а, б – сурет) сақтаулы. Бұл ыдыстардың сыртқы бетіне қалыппен барынша жиі ұшырасатын «шырша», дөңгелек, таяқша, үшбұрыш, меандр өрнектерімен нақыштар түсірілген. Кіші Қойтас қорымынан табылған ыдыстар көбінесе фестондар қатарымен өрнектелген.




Сурет 4 – Қыш ыдыстар. Қойтас қорымы. а) ЦМК КП 24942, б) ЦМК КП 24943

А.С. Ермолаева «Памятники предгорной зоны Казахского Алтая» [11] деген монографиясында Шығыс Қазақстанның археологиялық кешендерінен табылған қыш ыдыстар түрін жіктей келіп, Қойтас қорымының қыш ыдыстары жалпылама ортақ айрықшалығымен екшеленеді деген қорытындыға келді. Ыдыстар пішіні, өрнектелуі

жағынан федоров кезеңіне тән болғанымен, көркемдік шешімі мейлінше күрделі: ыдыс ернеуінің асты қиғаш үзік сызықтардан құралған үшбұрыштар, мойын асты каннелюралар, иықшаның үсті меандр, каннелюралар қатарымен және көлденең үш жолақпен әсемделген, ыдыс бүйірінің орта тұсына меандр, түбінен сәл жоғары қиғаш үзік сызықтардан құралған үшбұрыштар түсірілген. Келесі екі қыш ыдыстардағы (5 а – сурет) [12] бедерлері аса күрделі емес – тегіс және тарақталған тұтас тік иректі. Қыш ыдыстар көрінісінде нақыштардың ұқсас элементтері: қисық сызықты үшбұрыштар, каннелюралар, тісті тік сызықты иректтер, бұрышты және үшбұрышты бастырмалар кездеседі. Қойтас қорымының қыш ыдыстар пішіндерінде жалпы барлығына тән: мойындары тік немесе аздап қана сырқа қайрылған болып келеді.

А.С. Ермолаеваның пікірінше Қойтас қыш ыдыстары басқаларға қарағанда өзінің үлкен көлемімен – салмағы ауыр, қалың бүйірлі қабырғасымен ерекшеленеді. Биіктігі 20 және 20,5 см, бұл өлшемдерді музей коллекциясындағы ыдыстардан байқауға болады. Қыш ыдыстардағы өрнектердің негізгі элементі деп, көлденең иректі ерекше айтсақ, ол тек бір ғана жағдайда тегіс қалыпта, ал қалғандарында – ирек тісті болып келеді. Сонымен қатар нақыштардың көп кездесетін элементтері бұрышты батыңқы қысу қатарының каннелюрамен үйлестірулері және қисық сызықты үшбұрыштар. В.И. Каменскийдің (1910 ж. қазу) қабір қазу кезіндегі табылған ыдыста осындай өрнектермен нақыш элементтері бар. В.И. Каменскийдің Қойтас қазбасының қыш ыдысын зерттей келе, М.Н. Комарова алакөл өрнектерімен үш ыдысты ерекше атап өтті. Оларға иректелген тілме – көлденең сызықпен түрлеу және иық тұсында ұшымен төмен қараған үшбұрыштар қатары тән [13, 61-62 бб.]. Бұған, ҚР MOM қорындағы (5 б – сурет) қыш ыдысын ұқсастығын айтуға болады [14, 64 б.].



а)

б)

Сурет 5 – Қыш ыдыстар. Қойтас қорымы. а) ЦМК КП 24944, б) ЦМК КП 24946

2001 ж. З.С. Самашев Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданы Қарауылтөбе маңайынан кездейсоқ табылған екі қыш ыдысын ҚР MOM қорына тапсырады. Біріншісі көзе пішінді, бүйірі томпайған ернеуі сыртқа сәл қайырылған. Ернеу жиегі бір сызықпен белбеуленген, одан сызықталған ұшымен төмен қараған үшбұрыштар қарама-қарсы жақтарға таралған, кемерінде үшбұрышты батыңқы белбеуі бар (6 а – сурет) [15, 28-30 бб.]; екіншісі көзе пішіндес, ернеуі аздап сырқа иілген. Ернеу жиегі жоғары-төменді үшбұрыштармен өрнектелген, жоғарғы жағы екі қатармен тарақталған. Жоғарғы және төменгі өрнектерінде екі көлденең сызығы бар (6 б – сурет), [16].



а)

б)

Сурет 6 – Қыш ыдыстар. ЦМК КП 26520/1, 2

Күршім өзенінің бойында орналасқан Чердаек кен орнынан кездейсоқ табылған, «Күршім көмбесі» атанған «Алтай алтыны» геологтарының олжасы ерекше қызығушылық танытады. Бұл көмбеге қоладан жасалған әшекейлер мен еңбек құралдары кіреді (7 а, б – сурет).



Сурет 7 – Әшекей және еңбек құралы. а) ЦМК КП 27177/1, б) ЦМК КП 27186/1-3

Сондай-ақ, Тарбағатай ауданы Үржар ауылынан табылған екі жүзді қола пышақ, жүзі лавржапырақ пішіндес, сабына төрт сопақша саңылау тесік түсірілген (8 – сурет), [17, 64 б.] және табылған орны белгісіз екі жүзді, тегіс сапты, жапырақ пішінді қола қанжарлар Шығыс Қазақстан қола дәуірі коллекциясын толықтырады (ЦМК КП 26953/2), [18, 82 б.].




Сурет 8 – Пышақ. ЦМК КП 26751

Жоғарыда айтылғандай Шығыс Қазақстан қола дәуір артефактілері қолданыс аясына қарай қыш ыдыстар, еңбек құралдары және әшекейлер топтарына жіктеген болатынбыз. Ендігі кезекте қарастырылатын мәселе – ол, әшекейлер коллекциясы.

Сипатталып отырған әшекейлер негізінен Темір Қаңқа қорымының 2, 67, 30, 87, 80 қоршауынан және Измайлов қорымының 17 қоршауы 7-ші обасынан табылған. Аталмыш коллекцияны ҚР MOM қорына Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының аға ғылыми қызметкері, археолог А.С. Ермолаева 1998 ж. өткізген. Табылған әшекей түрлері аз болғаны мен олардың өзіне тән өзгешеліктері бар. Олар қолданыста көп кездесетін моншақтан тізілген алқалар, ұсақ моншақтар (бисер) және бір қоңыраулы сырға (с раструбом). Сипатталып отырған әшекейлер жерлеу орындарынан табылуы, әшекейлердің жеке түрлерін тағу әдістерін қайта қарауға мүмкіндік береді, сонымен қатар материалдық мәдениеттің ежелгі элементтері болып табылатын киімдердің кейбір бөліктерінің ерекшеліктерін байқауға болады. Одан басқа әшекейлер қыш ыдыстар сияқты негізгі мәдени критерияларды және оны тағуына байланысты әлеуметтік, жыныстық, жас ерекшеліктеріне қарай сенімді көрсеткіші болып табылады. Олар сол кезде өмір сүрген тайпалардың дүниетанымдық көзқарасын көрсетеді.

I – түрі; домалақ пішінді, үстіңгі беті жылтыратылған моншақ (9 а – сурет), Темір Қаңқа қорғанының 2-ші қоршау, 1-ші жерлеу орны, мұрденің мойын омыртқалары тұсынан табылған. Моншақтардың диаметрі 1 см-ден 15 см-ге дейін. Сонымен қатар, (9 а, б – сурет) моншақ 87 қоршаудың батыс қабырғасынан табылған. Әр моншақтың ортасы жіп өткізуге лайықталып саңылау тесік түсірілген (9 а, б – сурет). К.А. Ақышевтың «Археологические памятники в зоне затопления Шульбинской ГЭС» атты еңбегінде сипатталып отырған моншақтар шыны пастасынан жасалынған делінген, бірақ бүгінгі зерттеулер олардың сүйектен жасалғанын көрсетіп отыр, себебі сақталуылары нашар болғандықтан үгітіліп жатыр және олардың ортасы кеуек (пористая).





Сурет 9 – Моншақтар. Темір қанақа қорымы. а, б) ЦМК КП 25999/1 а-м; 7, 8

II – түрі; моншақтар (10 а – сурет) 67 қоршаудан мүрденің сол жақ қолдың шынтақ буындар мен кеуде тұсында табылған, олар домалақ пішінді, беті жақсы жылтыратылған, бірақ кейбірінің үстіңгі бетінде бір неше жерінен домалақша келген көздер салатын ұяшықтары бар, ортасына жіп өткізуге лайықтап саңлау түсірілген. Моншақтардың диаметрі 0,7 мен 1,6 см.

Аталмыш моншақтардың ұқсастықтары Жетісу өңірінде орналасқан қола дәуір ескерткіштерінен табылған моншақтарға жақын келетінін айта кету керек. ҚР МОМ қорындағы 1998 жылы Алматы облысы, Фабричный ауылынан 1,6 шақырым оңтүстік-батысқа қарай, Майбұлақ V (б.з.д. XV-XII ғғ) қорымынан табылған моншақ (10 б – сурет) ұқсас келеді. Майбұлақ V, қорымынан табылған пішіні домалақ, үстіңгі беті ақшыл түсті, қапталдарына үш-төрт жеріне жылтыр сары-қоңыр, көк түсті шынылардан көзшелер орнатылған. Көзшелер моншақтың үстіңгі бетіне шығынқы көздей етіп жасалған. Өкінішке орай Темір Қаңқа қорымы 67 қоршауынан табылған моншақтарда тек ғана көзшеге арналған ұяшықтар сақталған, себебі, көзшелер шыны немесе шыны пастасынан жасалынып отырды, егер де оларды дайындау процесінде құм көп мөлшерде қосылса немесе жердің ылғалдылығы жоғары болған жағдайда олардың сапасы төмендейді.



Сурет 10 – Моншақтар. а) Темір қаңқа қорымы. ЦМК КП 25999/5, б) ЦМК КП 24408/24 а-е. Майбұлақ V қорымы

Темір Қаңқа қорымынан табылған артефактілер: сопақша болып келген қола жебенің ұшы, бір бұрышына саңылау тесік түсірілген қайрақ тас, көзшелер орналасқан бөшке тәрізді, домалақ, шыны пастасынан жасалған моншақтар. Олардың жақын ұқсастықтарын ерте қола дәуіріне жататын Шығыс Қазақстандағы Трушников, Орталық Қазақстандағы Мыржық қоныстарынан кездестіруге болады [19, 63 б.].

III – түрі; Измайловка қорымы, 7-ші оба, екінші жерлеу орнынан табылған алқалар. Олар каури қабыршағымен ұсақ моншақтар (бисер). Каури қабыршағынан тізбектелген алқа (11 а – сурет), мүрденің қабырға сүйектері жанынан табылған, пішіні конус тәрізді, ұзындығы 1,1 см-ден 1-4 см-ге дейін, ені 2 см-ден 1,4 см-ге дейін болып келеді. Үстіңгі бетінде қырлы (тісті) жолақтар байқалады, екі ұшына қарама қарсы бағытта саңылау тесік түсірілген.



а)



б)



в)

Сурет 11 – Әшекейлер. Измайловка қорымы, а, б) ЦМК КП 25999/4, 13, в) ЦМК КП 25999/15.

Каури қабыршағын ежелден біздің заманымызға дейін әшекей немесе бойтұмар ретінде пайдаланылған. Олар моншақ және алқа түрінде Еуразия кеңістігіндегі неолит дәуірінің мәдениетінен белгілі. Мысалы, энеолит кезеңге жататын Бестамак қорымының 109-шы жерлеу орнынан каури қабыршағынан тізілген алқа табылған. Сондай-ақ, алакөл мәдениетіне жататын жерлеу орындарынан каури қабыршағы киім әшекейлік бұйымы ретінде саналған [20, 80 б.]. Мүрденің бассүйек, мойын және кеуде тұсынан табылған ұсақ моншақ (бисер), (71 б – сурет), ұзындығы 0,3 см, диаметрі 0,2 см, үстіңі беті бұлыңғыр түсті. Моншақтың ортасы жіп өткізуге лайықтап саңылау тесік түсірілген. Олар ширатылған шыныдан үзік етіп жасалған. Мұндай сапалы өнім алу үшін ұсақ құм немесе күлмен толтырылған ыдысқа салып, қыздырған.

Ұсақ моншақ түрлері б.з.д. I мыңжылдықтың аяғынан бастау алып аймағы Орта Азиядан Қырым дейін таралып, сонымен қатар Солтүстік Қара теңіз маңында ерте эллинистік және рим уақытында да пайдаланылған. Қазақстан, Төменгі Волга, Кубаньдағы сармат обаларында да кездеседі [21, 322-323 бб.]. Ұсақ моншақтармен негізінде киімді, жейде мен кафтанның төменгі бөлігін, көйлектің етегі, жеңдері мен жағалардың шетін, бас киімдерді әшекейлеген. Сонымен қатар шашқа арналған әшекейлердің негізгі бөлігі үшін де пайдаланылған [22, 164 б.]. 17 қоршаудың батыс бөлігінде диаметрі 3 см болатын, жіңішке сымнан сақиналанып бір ұшы кең балақты қоңырау тәрізді кеңейе түскен сырға табылған (11 в – сурет). Аталған сырғаның түріне ұқсас сырғаны Аванесова Н.А. өз еңбегінде ұсынған болатын. Оның пікірінше жіңішке ілмектер және екінші ұшындағы конустық детальдар орта азиялық сырғалардың ерекше түрі болып табылады [23, 51-53 бб.].

Мұндай құлаққа тағатын әшекейлердің түрі Солтүстік, Шығыс, Орталық Қазақстанда, Жетісуда және Обь маңындағы федоров типті андронов ескерткіштерінде кездесетіндіктен оларды федоров тайпаларының мәдениетінің ерекшеліктері деп санауға болады. Жерлеу орындарынан табылған сырғалардың саны жағынан кездейсоқ болуы мүмкін емес. Шамасы, сырғаны екеу немесе біреу етіп тағу дәстүрі болған. Бұл жағдайда Енисей аумағындағы федоров мәдениетіне жататын жерлеу орындарының материалы бойынша Г.А. Максименконың пікірі, өте қызық, жасы егделеу әйелдер жерленген обаларда екі сырға, келіншектер мен жас өспірім жерленген обаларда көбіне бір сырға кездеседі [24, 72 б.]. А.А. Горячевтің пікірінше, қоңыраулы сырғалар жерленушілердің жасы мен әлеуметтік дәрежесін көрсетеді [25, 56 б.]. Ю.Ф. Кирюшин, О.А. Позднякова, Д.В. Папин, А.Б. Шамшиндер «Коллекция металлических украшений из погребений андроновского комплекса могильника Рублево-VIII» атты мақаласында қоңыраулы сырғалардың пайда болуы кезеңін б.з.д. XIV-XIII ғғ. Жоғарғы Ертістің андрон-қанай жұртының көшіп-қонуымен байланыстырады [26, 35 б.].

## Әдебиетгер

- 1 Черников С.С. Отчет о работе Восточно-Казахстанской экспедиции 1947 г. // Известия АН Каз ССР. Серия археология. – 1949. – Вып. 2. – С. 37-58.
- 2 Черников С.С. Восточный Казахстан в эпоху бронзы // МИА. – М., 1960. – № 88. – 272 с.
- 3 Нифонтова Л.К. Андроновское погребение в Абаевском районе Семипалатинской области // Известия АН КазССР, серия археологическая. – Вып. 2. – Алма-Ата, 1950. – С. 143-147.
- 4 Свод археологических памятников Восточно-Казахстанской области. – Усть-Каменогорск, 2006. – 61 с.
- 5 ЦГМ РК Акт № 99 от 13.12.1977 г. Акты поступления основного фонда КП /81-188/ 1977 г. Кн №2. – С. 142-143.
- 6 ЦГМ РК Акт № 148 от 21.11.1979 г. Акты поступления основного фонда КП /91-199/ 1979 г. Кн №2. – С. 75.
- 7 Черников С.С. Роль андроновской культуры в истории Средней Азии и Казахстана // Краткие сообщения института этнографии. – М., 1957. – Вып. XXVI. – С. 28-33.
- 8 Черников С.С. Древняя металлургия и горное дело Западного Алтая // АН Казахской ССР, Ин-т истории материальной культуры и им. Н.Я. Марра, АН СССР. – Алма-Ата: Изд-во АН Казахской ССР, 1949. – 111 с.
- 9 Максимова А.Г. Эпоха бронзы Восточного Казахстана // Труды института истории, археологии и этнографии АН Казахской ССР. Т. 7 Археология. – Алма-Ата, 1959. – С. 113-116.
- 10 Маргулан А.Х. Бегазы-дандыбаевская культура Центрального Казахстана. – Алма-Ата, 1979. – 364 с.
- 11 Ермолаева А.С. Памятники предгорной зоны Казахского Алтая (эпоха бронзы – раннее железо). – Алматы, 2012. – 236 с.
- 12 ЦГМ РК Акт №116 от 16.11.1993 г. Акты приемки-сдачи основного фонда с 102 по 138, 1993 г. Кн №3. – С. 82-85.
- 13 Комарова М.Н. Относительная хронология памятников андроновской культуры // АСГЭ. – Л., 1962. – Вып. 5. – С. 50-75.
- 14 ЦГМ РК Акт №11 от 15.06.2004 г. Акты приемки-сдачи основного фонда с 1 по 23, 2004 г. – С. 36-76.

15 ЦГМ РК Акт №24 от 08.06.2001 г. Акты приемки-сдачи основного фонда с 1 по 35, 2001 г. Кн №1. – С. 28-30.

16 ЦГМ РК Акт №60 от 28.10.2008 г. Акты приемки-сдачи основного фонда с 46 по 76, 200 г. Кн №2. – С. 46-76.

17 ЦГМ РК Акт №11 от 15.06.2004 г. Акты приемки-сдачи основного фонда с 1 по 23, 2004 г. – С. 64.

18 ЦГМ РК Акт №12 от 07.03.2007 г. Акты приемки-сдачи основного фонда с 1 по 25, 2007 г. – С. 82.

19 Акишев К.А. Археологические памятники в зоне затопления Шульбинской ГЭС. – Алма-Ата: Наука, 1987. – 280 с.

20 Усманова Э.Р. Костюм женщины эпохи бронзы. Опыт реконструкций. – Лисаковск-Караканда, 2010. – С. 176.

21 Курманкулов Ж.К., Торежанова Н.Ж. Отблеск древности (новые поступления в археологический фонд ЦГМ РК). «Отан тарихының әдіснамасы мен тұжырымдамасының өзекті мәселелері» атты «Қасымбаев оқулары» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары. 21-22 желтоқсан 2010 жыл. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2010. – 384 б.

22 Исаков А.И., Потемкина Т.М. Могильник племен эпохи бронзы в Таджикистане // СА. 1989. №1. С. 145–167.

23 Аванесова Н.А. Культура пастушеских племен эпохи бронзы азиатской части СССР. – Ташкент: ФАН, 1991. – 200 с.

24 Максименков Г.А. Андроновская культура на Енисее. – Л.: Наука, 1978. – 189 с.

25 Горячев А.А. О погребальном обряде в памятниках кульсайского типа // История и археология Семиречья. Вып. №2. – Алматы, 2001. – С.45-62.

26 Кирюшин Ю.Ф., Папин Д.В., Позднякова О.А., Шамшин А.Б. Погребальный обряд древнего населения Кулундинской степи в эпоху бронзы // Аридная зона юга Западной Сибири в эпоху бронзы. – Барнаул: Изд-во АГУ, 2004. – С. 62-85.